

**Шет ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормаларын, сондай ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 9/68 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қаңтарда № 4127 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 19/196 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 22.12.2022 № 19/196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1, 2 тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Шет аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шет ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,  
аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*Б. Төлеуқұлов*

Шет аудандық мәслихатының  
2016 жылғы 23 желтоқсанындағы  
IX сессиясының № 9/68 шешіміне  
1 қосымша

**Шет ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 03.09.2019 № 32/285 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

--	--	--	--

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық жинақталу нормасы, (м <sup>3</sup> )
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,72 2,24
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,73
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,8
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,62
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,11
6	Емханалар	1 келіп кету	0,0058
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,15
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,23
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,17
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,37
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,041
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,045
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,058
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,85
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м <sup>2</sup>	0,32
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,32
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,45

18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,38
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,82
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,36
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,41
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,5
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,25
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,25
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,34
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,47
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,15
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,47
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,65
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,0037
32	Бау - бақша кооперативтері	1 учаске	2,25

Шет аудандық мәслихатының  
2016 жылғы 22 желтоқсанындағы  
IX сессиясының № 9/68 шешіміне  
2 қосымша

**Шет ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері**

			Тұрмыстық қатты қалдықтарды
--	--	--	-----------------------------

Атауы		Жинақталу нормасы м <sup>3</sup>	1 м <sup>3</sup> Тариф (ҚҚС) (теңге)	жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көму құны, айына (теңге)
Заңды тұлғалар (1м <sup>3</sup> )			1277,8	
Жеке тұлғалар	Тұрмысқа жайлы тұрғын үйлер (1 тұрғынға)	1,72	1277,8	183
	Жайсыз тұрғын үйлер (1 тұрғынға)	2,24	1277,8	239

Ескерту: ҚҚС – қосылған құн салығы;  
м<sup>3</sup> - текше метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК